



## Қ. Жұбанов атындағы АӨУ дайджесті "2024 жылғы Қ. Жұбанов атындағы АӨУ жетістіктері мен оқиғалары"



### ЖҰБАНОВ УНИВЕРСИТЕТІНДЕ «САЛАУАТТЫ ҰРПАҚ-ҰЛТ БАЙЛЫҒЫ» II ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФОРУМЫ ӨТТІ

ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі, Ақтөбе облысының әкімдігі және ҚР Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның қолдауымен Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде «Салауатты ұрпақ-ұлт байлығы» II Халықаралық форумы өтті. Форум өскелең ұрпақтың үйлесімді дамуына арналды. Халықаралық жиынға жоғары дәрежелі халықаралық және қазақстандық сарапшы мамандар, белгілі психологтар, нейробиологтар, құқық қорғаушылар, педагогтар қатысты. Спикерлер тәуелділік мінез-құлық пен инклюзивті білім беру мәселелеріне ерекше назар аударды.

[Read more](#)



### ZHUBANOV UNIVERSITY ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КАМПУС АШУ ТӘЖІРИБЕСІМЕН БӨЛІСТІ

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде еліміздегі жоғары оқу орындары өкілдерінің қатысуымен семинар өтті. Семинарға А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Алматы энергетика және байланыс университеті, С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Азаматтық авиация академиясы, І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Павлодар педагогикалық университеті, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, М.Өуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеттерінің проректорлары мен құрылым басшылары қатысты. Жиында Жұбанов университеті Heriot-Watt халықаралық кампусын ашу тәжірибесімен бөлісті.


[Read more](#)



### БОЛАШАҚ ЗАҢҒЕРЛЕРДІҢ ТӘЖІРИБЕ АЛАҢЫ: ЖҰБАНОВ УНИВЕРСИТЕТІНДЕ КРИМИНАЛИСТИКАЛЫҚ ПОЛИГОН АШЫЛДЫ

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті экономика және құқық факультеті базасында мамандандырылған криминалистикалық полигон ашылды. Криминалистикалық полигонда студенттер шындыққа жақын жағдайларда криминалистика дағдыларын, оқиға орын алған кездегі мінез-құлық ережелерін, қылмыстардың жекелеген түрлерін тергеу тактикасы мен әдістемесін және нақты өмірлік жағдайларды неғұрлым егжей-тегжейлі модельдеуді тәжірибе жүзінде қолдана алады.

[Read more](#)



### ZHUBANOV UNIVERSITY ISO 37001 СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ СТАНДАРТЫ БОЙЫНША ЖҰМЫСЫН БАСТАДЫ

Ақтөбе облысының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы департаменті алғаш рет Жұбанов университетінің базасында квазимемлекеттік сектор субъектілерінің комплаенс-офицерлеріне арналған семинар өткізді. Семинарға Ақтөбе облысының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі басшысының бірінші орынбасары Алмат Мырзалиев, департаменттің бас маманы Өсел Тоқбасова, Нұрболат Махмұтов, ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Ақтөбе облысы бойынша филиалы басшысы Саида Сәдуақасова және комплаенс қызметінің өкілдері қатысты. Жұбанов университеті Ақтөбе облысындағы ISO 37001 стандарты бойынша жұмысты бастаған алғашқы квазимемлекеттік субъект.

[Read more](#)



### ZHUBANOV UNIVERSITY ҒАЛЫМДАРЫНЫҢ ЖОБАСЫ ГРАНТТЫҚ ҚАРЖЫЛАНДЫРУҒА ИЕ БОЛДЫ

Тілектес Шугаева, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті базасында орналасқан Heriot-Watt университеті филиалының аға оқытушысы, PhD «Ғарыштық зерттеулер үшін энерго және массалық анализаторларды әзірлеу» жобасы арқылы гранттық қаржыландыруға ие болды. Даурен Есенғалиев, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің «Металлургия және тау-кен ісі» кафедрасының доценті, PhD 2024-2026 жылдарға арналған жас ғалымдардың ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар конкурсы бойынша «Никельді тотықсыздандырудың металлтермиялық процесін зерттеу және кремний, алюминий құрамдас тотықсыздандырығыштарды қолдана отырып, никель феррокорытпаларын балқыту» атты жобасы гранттық қаржыландыруға ие болды.

[Read more](#)



### HERIOT-WATT UNIVERSITY ӨКІЛДЕРІ АҚТӨБЕ КАМПУСЫНДА ЕМТИХАН ӨТКІЗДІ

Британдық университеттің операциялар бөлімінің басшысы Тим Бернс және академиялық ағылшын тілі бөлімінің басшысы Пав Драбко Heriot-Watt университетінің Ақтөбедегі кампусына келді. Шотландиялық серіктестердің Ақтөбеге келудегі мақсаты - Heriot-Watt университетінің оқыту сапасын бақылау және емтихандарды Heriot-Watt университетінің стандарттарына сай өткізуді қамтамасыз ету.

[Read more](#)

# Қ. Жұбанов атындағы АӨУ дайджесті "2024 жылғы Қ. Жұбанов атындағы АӨУ жетістіктері мен оқиғалары»



## ЖҰБАНОВ УНИВЕРСИТЕТІНЕ ӘЗІРБАЙЖАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БАС КОНСУЛЫ ЭЛЬЧИН БАШИР ОГЛЫ МАММАДОВ КЕЛДІ

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетіне Әзірбайжан Республикасының Ақтау қаласындағы Бас консулы Эльчин Башир Оғлы Маммадов келіп, Басқарма төрағасы Лаура Қарабасовамен кездесті. Тараптар екі елдің жоғары оқу орындары арасындағы тиімді ынтымақтастық нығайту, ғылым және жоғары білім саласын, сондай-ақ мәдени байланыстарды дамыту мәселелерін талқылады.

[Read more](#)



## ZHUBANOV UNIVERSITY СТУДЕНТТЕРІ ТАЛАПкерлерді қабылдауға арналған ЭЛЕКТРОнды кезек жүйесін жасақтады

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету» білім бағдарламасының 4 курс студенттері Абай Айтқалиев пен Рахат Досов Coursea платформасы арқылы оқыған курс негізінде талапкерлерді қабылдауға арналған электронды кезек жүйесін жасақтап шығарды.

[Read more](#)



## ZHUBANOV UNIVERSITY-ГЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ИНСТИТУТЫНЫҢ БАСШЫСЫ КЕЛДІ

Жұбанов университетіне Орталық Азия халықаралық білім беру институтының директоры, Қазақстан-Америка университеттері консорциум екілі Доктор Джоэл Эрикссон келді. Кездесуде тараптар қазақстандық және американдық жоғары оқу орындары арасында бірлескен жобалар мен бағдарламаларды жүзеге асыруға бағытталған бастамаларды талқылады.

[Read more](#)



## ZHUBANOV UNIVERSITY ҒАЛЫМДАРЫ ҚЫТАЙЛЫҚ ҒАЛЫМДАРМЕН БІРГЕ ОТҚА ТӨЗІМДІ ПОЛИМЕРлерді Әзірлеуде

ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің шетелдің жетекші университеттерінен шетелдік сарапшыларды тарту саясатына сәйкес Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетіне өртке төзімді полимерлерді әзірлеумен айналысатын ғылыми топ өкілдері келді. Топ құрамында Қытай ғылым және технологиялар университетінің ғалымдары Юань Ху, Синь Ванг, Джисин Джу, Гонконг Политехникалық университетінің профессоры Бин Фей және Тунцзи университетінің профессоры Дженгжоу Ванг бар. Сарапшылар университет ғалымдарымен бірлесіп өртке төзімділігі жоғары материалдар жасау бағыты бойынша ғылыми зерттеу жұмыстарымен айналысып, тәжірибелерімен бөліседі. Бірлескен жоба полимерлер мен полимерлі композиттер негізінде көпфункционалды, отқа төзімді материалдарды жасау технологиясын дайындауға бағытталған. Жоба жетекшісі – Жұбанов университетінің ғалымы Өмірбек Бекешев.

[Read more](#)



## ЖҰБАНОВ УНИВЕРСИТЕТІ СТУДЕНТТІК ЖАТАҚХАНАЛАРЫНДА ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНА ДАЙЫНДЫҚ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛДІ

Жаңа оқу жылы қарсаңында Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің барлық жатақханаларына жасалған жөндеу жұмыстары аяқталды. Университеттің шаруашылық қамтамасыз ету кеңсесі қызметкерлері жатақханаларға косметикалық жөндеуден бөлек интерьерді жаңарту, жылу жүйесі мен басқа да инженерлік коммуникацияларды жолға қою жұмыстарын жасады. Студенттердің қауіпсіздігі мен жайлылығы үшін дезинфекциялық жұмыстар да жүргізілді.

[Read more](#)



## ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМҒА ҚОЛ ҚОЙДЫ

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетіне Қазақстан Бочча Федерациясының Бас хатшысы Нұргүл Төлекова және Қазақстан Бочча федерациясының вице-президенті Назым Жанғазинова келді. Ақтөбеге сапары барысында Қазақстан Бочча Федерациясының өкілдері Жұбанов университеті басшылығымен кездесіп, бочча спорт түрін дамыту арқылы инклюзияны ілгерілету мақсатында оқу орнымен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

[Read more](#)

# Қ. Жұбанов атындағы АӨУ дайджесті "2024 жылғы Қ. Жұбанов атындағы АӨУ жетістіктері мен оқиғалары"



## ҚР ПРЕЗИДЕНТІНІҢ КЕҢЕСШІСІ МӘЛІК ОТАРБАЕВ ЖҰБАНОВ ЖАСТАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

ҚР Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаев Жұбанов университетінің студенттерімен кездесті. Кездесуде ҚР Президентінің кеңесшісі Мемлекет басшысының ауқымды реформалары мен Ұлттық құрылтайдағы жан-жақты идеялары туралы сөз қозғады.

[Read more](#)



## ИНДОНЕЗИЯ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕЛШІЛІГІ ЖҰБАНОВ УНИВЕРСИТЕТІНЕ КЕЛДІ

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетіне Индонезия Елшілігінің өкілдері Firma Agustina, Agung Saputra и Sharifjhon Safariyon келді. Шетелдік қонақтар Батыс өңіріндегі ең ірі оқу орнымен әріптестік орнатуға дайын екендіктерін жеткізді. Кездесу барысында индонезиялық делегация өкілдері өз елдеріндегі университеттер туралы, сондай-ақ үздік оқу орындары ұсынатын білім беру және стипендиялық бағдарламалары туралы ақпаратпен бөлісті.


[Read more](#)



## ЖҰБАНОВ UNIVERSITY ОҚЫТУШЫСЫ АЗАМАТ ҚАЙДАРОВ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНЫНДА ТОП ЖАРДЫ

Жұбанов университетінің оқытушысы Азамат Қайдаров Астана қаласына 5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойынына Қазақстан құрамасы қатарында мангала спорт түрінен бақ сынау үшін аттанған болатын. Көшпенділер ойынында мангалдан ерлер арасында жекелей сында спортшымыз Азамат Қайдаров қола медаль еншіледі. Сондай-ақ, қорытынды есеп бойынша командалық құрамда алтын медаль иеленді.

[Read more](#)



## ЖҰБАНОВ UNIVERSITY СОТ ӘКІМШІЛІГІМЕН МЕМОРАНДУМҒА ҚОЛ ҚОЙДЫ

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті басшылығы ҚР Сот әкімшілігінің Ақтөбе облысы бойынша Департаменті басшысымен өзара ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды. Кездесуде қос тарап еңбек нарығының талаптары мен қажеттіліктерін ескере отырып, мамандарды даярлау сапасын жетілдіру, өңірлерді дамытуға арналған мемлекеттік және салалық бағдарламалар негізінде түлектерді жұмысқа орналастыру және ұзақ мерзімді әріптестікті нығайту жөнінде алдағы бірлескен іс-шараларды талқылады.

[Read more](#)



## HERIOT-WATT UNIVERSITY РЕКТОРЫ МАРК БИГГС АҚТӨБЕДЕГІ КАМПУС СТУДЕНТТЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетіне жаңа оқу жылында теориялық және практикалық сабақтар өткізу үшін Британ университетінің ректоры бастаған оқытушылар тобы келді. Сапар барысында британдық жоғары оқу орнының басшылығы Жұбанов университетінің басшылығымен, Ақтөбе кампусының профессор-оқытушылар құрамы және студенттерімен кездесті.

[Read more](#)



## ЖҰБАНОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ҒАЛЫМДАРЫ МЕГАГРАНТ ЖЕҢІП АЛДЫ

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитетінен 2024-2026 жылдарға арналған ғылыми бағдарламаларды іске асыруға 3 млрд теңге көлемінде мегагрант жеңіп алды. Бұл Президент Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, университет ғылымын жаңғыртуға және білім экономикасына көшуге жасалған маңызды қадамдардың бірі. Мегагрант бойынша табысты тәжірибелерді масштабтауға мүмкіндік беретін және ғылыми қызметтің негізі болатын академиялық артықшылық орталығы құрылады. Сондай-ақ мегагрант өңірдегі экологиялық жағдайды жақсартатын техногендік қалдықтарды қайта өңдеудің жаңа технологияларын әзірлеуге бағытталатын болады.

[Read more](#)

# Қ. Жұбанов атындағы АӨУ дайджесті "2024 жылғы Қ. Жұбанов атындағы АӨУ жетістіктері мен оқиғалары»



## «OPENSÖZ LECTORIUM» АҚПАРАТТЫҚ ПІКІР АЛМАСУ ІС-ШАРАСЫ

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде «БҰҰ-әйелдер құрылымы» қолдауымен жастарға арналған «OpenSöz Lectorium» ақпараттық пікір алмасу іс-шарасы өтті. Шараға Қазақстандағы "БҰҰ-әйелдер құрылымы" кеңсесі басшысының м.а Дина Амришева, Ақтөбе облысы бойынша "Әкелер Одағы" басшысы Руслан Қазыбаев, гір спортынан еңбек сіңірген спорт шебері, 13 дүркін әлем чемпионы Евгений Гончаров, OpenSöz білім беру дерісханасының негізін қалаушы Динара Бисембина спикер ретінде қатысып, жастармен ашық алаңда гендерлік зорлық-зомбылықтың алдын алу, гендерлік теңдік мәдениетін ілгерілету мен гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы тұрудағы ер адамның рөлі, әділетті қоғам құру мәселесі бойынша пікір алмасты.

[Read more](#)



## «ADAL URPAQ» ЖАСТАР ФОРУМЫ

25 қазан – Республика күніне орай Жұбанов университеті базасында «Adal Urpaq» жастар форумы өтті. Форумның мақсаты жастарға ұлттық құндылықтарды дәріптеу, құқықбұзушылық пен нашақорлықтың алдын алу, буллинг пен лудоманияға қарсы иммунитет қалыптастыруға арналды.

[Read more](#)



## ҚЫТАЙ БАС КОНСУЛДЫҒЫНЫҢ БІРІНШІ БАСШЫСЫ ЖУБАНОВ УНИВЕРСИТЕТІНЕ КЕЛДІ

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетіне Қытай Бас консулдығының бірінші басшысы Го Юй және атташе Цзоу Сяолянь келіп, университет басшылығымен кездесті. Кездесу барысында тараптар Жұбанов университеті мен Қытайдың білім беру ұйымдары және ғылыми орталықтары арасындағы өзара байланысты кеңейту, жергілікті Қытай компанияларымен тығыз қарым-қатынасты тереңдету мәселелері бойынша пікір алмасты.

[Read more](#)



## ZHUBANOV UNIVERSITY ОҚЫТУШЫСЫ «ЕРЕН ЕҢБЕГІ ШҰН» МЕДАЛІМЕН МАРАПАТТАЛДЫ

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2024 жылғы 1 қазандағы жарлығымен Жұбанов университетінің кәсіби-шығармашылық факультетінің оқытушысы Азамат Қайдаров «Ерен Еңбегі үшін» медалімен наградталды. Университет оқытушысына марапат V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының жеңімпаздары мен жүлдегерлерін марапаттау рәсімінде салтанатты түрде табысталды.

[Read more](#)



## ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЕЛШІЛІГІ ЖУБАНОВ УНИВЕРСИТЕТІНЕ КЕЛДІ

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетіне Өзбекстан Республикасының Қазақстан Республикасындағы Бас консулы Жамолидинхужа Абдукаримов және консул Миртемир Ганиев келіп, университет басшылығымен кездесті. Кездесуде тараптар қазақстандық жоғары оқу орындарымен Өзбекстанның оқу орындары арасындағы жоғары білім және ғылым саласындағы ынтымақтастықты дамыту мәселелерін талқылады.

[Read more](#)



## ТҰЛЕКТЕРДІҢ КЕЗДЕСУ: ТӘЖІРИБЕ АЛМАСУ ЖӘНЕ ЖАҢА ИДЕЯЛАР

Жұбанов университетінде британдық жоғары оқу орындарының түлектерімен кездесу өтті. Іс-шараны British Council, Chevening Scholarships, Жұбанов университеті және Heriot-Watt университеті ұйымдастырды. Кездесуде 50-ден астам түлек бас қосып, өзара тәжірибе алмасты және студенттік жылдарды еске алып, өз идеяларымен бөлісті. Бұл кездесу жаңа байланыстар орнатуға және кәсіби қарым-қатынастарды нығайтуға тамаша мүмкіндік болды.

[Read more](#)

# Қ. Жұбанов атындағы АӨУ дайджесті "2024 жылғы Қ. Жұбанов атындағы АӨУ жетістіктері мен оқиғалары»



## ЖҰБАНОВ ТАҒЫЛЫМЫ: ҒЫЛЫМ МЕН МӘДЕНИЕТТІҢ ЗЕРДЕЛІ БЕЛЕСІ

Жұбанов университетінде қазақ тіл білімінің негізін салушы, тұңғыш профессор, ұлт ағартушысы Құдайберген Жұбановтың 125 жылдығына арналған "Жұбанов тағылымы: ғылым мен мәдениеттің зерделі белесі" атты тарихи-мәдени диалог өтті. Бұл шара Құдайберген Жұбановтың ғылыми мұрасын дәріптеу, оның қазақ тіл біліміндегі, мәдениет пен ағартушылық салаларындағы рөлін бағалау мақсатында ұйымдастырылды.

[Read more](#)



## Қ. ЖҰБАНОВТЫҢ 125 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ПІКІРСАЙЫС ТУРНИРИ ӨТТІ

Жұбанов университетінде Қ. Жұбановтың 125 жылдығына арналған республикалық пікірсайыс турнирі өтті. «Қ. Жұбанов – ғылым көгінің жарық жұлдызы» тақырыбымен ұйымдастырылған бұл іс-шара Құдайберген Жұбановтың ғылыми мұрасын насихаттау және жастардың ғылыми-танымдық қызығушылығын арттыру, сондай-ақ пікірсайыс мәдениетін дамыту мақсатын көздейді. Турнирге еліміздің Алматы, Шымкент, Астана, Орал, Ақтау, Атырау сынды қалаларынан 36-дан астам фракция қатысты. Қатысушылар Жұбановтың еңбектерін насихаттау, университетті дамыту, жасанды интеллекттің рөлі, қаржылық сауаттылық және Қазақстанның даму болашағы секілді маңызды тақырыптарды талқылады.

[Read more](#)



## БІЛІМ БЕРУ ДИАЛОҒЫ: УНИВЕРСИТЕТ ЖӘНЕ ӨНІР

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде жоғары және орта білім беру саласындағы білікті мамандар мен сарапшылардың қатысуымен педагог мамандарды даярлаудағы өзекті мәселелерді талқылауға арналған ашық диалог алаңы өтті. Кездесу барысында сарапшылар инклюзивті білім беруге болашақ педагогтерді даярлау, педагогикалық білім беру әлеуетін арттыру, сонымен қатар студенттердің тәжірибесін тиімді ұйымдастырудың жаңа тәсілдері жөнінде пікір алмасты.

[Read more](#)



## ZHUBANOV UNIVERSITY-ДЕ МУЛЬТИМЕДИЯЛЫҚ ЛИНГАФОН КАБИНЕТІ ЖАБДЫҚТАЛДЫ

Жұбанов университетінде мультимедиялық лингафон кабинеті ашылды. Мультимедиялық кабинет моноблок, құлақпап, панель тағы басқа заманауи оқу құралдарымен жабдықталған. Арнайы Linco бағдарламасы мультимедиялық интерактивті оқытуды басқару платформасы ретінде әрекет ете отырып, оқытушыға сыныпты тиімді басқаруға, ал студенттерге бірлесіп жұмыс істеуге мүмкіндіктер береді.


[Read more](#)



## «ЖҰБАНОВ ТАҒЫЛЫМЫ»: ҰЛЫ ҒАЛЫМДЫ ЕСКЕ АЛУ

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде "Жұбанов тағылымы" атты XI Халықаралық ғылыми конференция өтті. Бұл ауқымды шараға Ақтөбе облысының әкімі Асхат Шахаров, университет ректоры Лаура Қарабасова, белгілі филолог ғалымдар, зиялы қауым өкілдері және Жұбан әулетінің ұрпақтары қатысты. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев құттықтау хат жолдады, сонымен қатар ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек бейне құттықтау жіберді.

[Read more](#)




## ZHUBANOV UNIVERSITY THE KAZAKHSTAN – U.S. UNIVERSITY CONSORTIUM PARTNERSHIP PROGRAM ПРОГРАММАСЫ БОЙЫНША ГРАНТ ҰТЫП АЛДЫ

Жұбанов университетінің «Информатика және ақпараттық технологиялар» кафедрасының командасы The Kazakhstan – U.S. University Consortium Partnership Program программасы бойынша грант ұтып алды. Консорциум құрамында Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Astana IT университеті және Cincinnati университеті (АҚШ) арасында «Ақылды қала» технологияларын ілгерілету, қала құрылысын жетілдіру және инновациялық экожүйелерді құру жөніндегі жобалар келісілді.

[Read more](#)

# Қ. Жұбанов атындағы АӨУ дайджесті "2024 жылғы Қ. Жұбанов атындағы АӨУ жетістіктері мен оқиғалары»



## ЖҰБАНОВ УНИВЕРСИТЕТІНДЕ «КӨКЖИДЕ» КЕН ОРНЫ МӘСЕЛЕСІНЕ АРНАЛҒАН ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ СЕССИЯ ӨТТІ

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі, «Ғылым қоры» акционерлік қоғамы «Самғау» ғылыми-техникалық инициативалар орталығы ұйымдастыруымен «Көкжиде» кен орнындағы жер асты суларының мәселесін шешуге арналған ғылыми-техникалық сессия өтті. Сессия барысында ғалымдар мен сарапшылар «Көкжиде» кен орнына қатысты ғылыми-технологиялық шешімдерді бірлесіп іздеу және әзірлеу жолдарын талқылады.

[Read more](#)



## ВИЦЕ-МИНИСТР ДАРХАН АХМЕД-ЗАКИ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ТҮРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

ҚР Ғылым және жоғары білім вице-министрі Дархан Ахмед-Заки Ақтөбе облысына жұмыс сапары барысында Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде өңір тұрғындарымен кездесу өткізді. Халықпен кездесуде вице-министр отандық ғылым мен жоғары білім саласындағы реформаларды, қол жеткізілген нәтижелерді, сондай-ақ алдағы жоспарлар туралы баяндады. Ол министрлік тарапынан білімді жастарды қолдауға және ғылымды дамытуға баса назар аударылып отырғанын атап өтті. Сонымен қатар өз баяндамасында 2023-2029 жылдарға арналған жоғары білім мен ғылымды дамыту жоспарының негізгі бағыттарын түсіндірді.

[Read more](#)



## ҰЛТТЫҚ РУХ – ҰЛЫ ҚҰНДЫЛЫҚ

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде «Ұлттық рух тұғыры» тақырыбында ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Бұл шара «Сыбаға» ұлттық дәстүрлер фестивалі аясында ұйымдастырылып, қазақ халқының тарихи және мәдени мұрасын дәріптеу, ұлттық рухты нығайту мәселелерін талқылауға арналды. Конференцияға белгілі ғалымдар, қоғам қайраткерлері, тарихшылар және зиялы қауым өкілдері қатысып, ұлттық құндылықтарды зерттеу мен насихаттаудың маңыздылығын сөз етті.

[Read more](#)